

# Сұлужон жалпы орта білім беру мектебі

“Ерлікке тағзым”



Кешті дайындаған: Алғашқы әскери дайындық жетекшісі Ж.Жапаров

# Кештің мақсаты:

1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың Отан қорғауы, ерлігі, еңбектегі ерен істері, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін оқушы бойына сіңіру;
2. Патриоттық сезімдерін шыңдау, Отанды сүйуге баулу.

# **Ерлікке тағзым**

- 1. Ерлік мәңгі өшпейді**
- 2 . Соғыс туралы естеліктер**
- 3 . 70- жыл бұрын немесе**  
**Ерлікке тағзым**



Соғыс туралы ащы шындықты айтар болсақ, қоршауда қалып немесе жаралы күйінде тұтқынға түсіп, азап шеккендерді елемей кетуге болмайды. Соғыстың алғашқы кезеңінде мыңдап қырылып, тірі қалғандары тұтқынға түсті. Одан сәтін тауып құтылғандар партизандарға қосылды. Мұндай бақытқа қолы жетпегендер концлагерьлерде азап шекті. Ал славян халқынан басқа халықтар өкілдерінен фашистік командование әртүрлі легиондар құрып, өз еліне қарсы айдап салмақшы болды. Олардың кейбірін өздері басып алған жерлерде партизандарға қарсы жұмсауға әрекеттенді. Сонда да легионның бөлімдерінен қашып шығып, Болгария, Югославия, Италия, Франция партизандарына қосылған азаматтар аз емес.

# 1941 ЖЫЛ



- Соғыс басталар алдында Кеңес Одағы бойынша қазақ халқының саны 3 миллион 250 мыңға жетіп, апаттан кейін қайта толығып келе жатқан еді. 1929-32 жылдардағы ашаршылық, 1937-38 жылдардағы аласапыран да елді әбден есеңгіреткен болатын.
- Соғысқа қатысқандардың ең жасы 1929 жылы туғандар, аштық жылдарында олар төрт-бес жаста болды. Міне, халқымыздың сақталып қалды-ау деген ең соңғы еркеккіндікті ұрпағы осылайша майдан шебінен бір-ақ шықты. Демографиялық пайымдау бойынша, тікелей майданға 500 мың қазақ азаматы аттанды. Соның 350 мыңы, яғни 70 пайызы, соғыстан қайтып оралмады. Әрине, оның ішінде елге қайтпағаны мен тірі қалғандары да жоқ емес-ті. Соңғы кезде ғана белгілі болып отырған бір шындық – 5,3 миллионға жуық солдат жау қолына түскен болса, соның кемінде 50 мыңы – қазақ азаматтары. Олардың арасында кейін аман-есен еліне қайтқандары бірен-саран ғана еді. Волокаламск үшін болған шайқаста Панфилов дивизиясының 13,5 мың жауынгерінен 9 мың адам қаза тапты.



- Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды.
- Осы соғыста Кеңес Одағының 27млн. адам құрбан болды.
- Майданға 1млн 200 мың адам аттанды. 500-ден астам қазақстандық оның ішінде 99 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Төрт адам осы атақты екі мәрте алды.



- Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов - Авиация генерал-майоры, **Кенес Одағының** Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов - Авиация генерал-майоры, Кенес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. **1922** Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов - Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері. 1922 жылы 5-тамызда Сарыарқаның кеңбайтақ даласында, **Ақмола** облысының өзен-көлі тасыған, емдік суы атқылаған Майбалық ауылында туған.
- Ұшқыш болсам деген өрекіпен көңілмен Бішкектегі ДОСAAF авиамектебіне түсіп, «У-2» деген ұшақпен ұшуды үйрендім» дейді аты аңызға айналған батыр. Аэроклубта тамаша тәжірибеден өтіп, ұстаздарының оң көзіне түскен талапты жігіт Талғатты **1940** Ұшқыш болсам деген өрекіпен көңілмен Бішкектегі ДОСAAF авиамектебіне түсіп, «У-2» деген ұшақпен ұшуды үйрендім» дейді аты аңызға айналған батыр. Аэроклубта тамаша тәжірибеден өтіп, ұстаздарының оң көзіне түскен талапты жігіт Талғатты 1940 жылы Саратов әскери-авиация мектебіне оқуға жібереді. Ондағы қатаң сұрыптаудан жанарының оты бар жігіт аман-есен өтеді. Саратовтағы ұшқыштар мектебін екі жыл оқып, сержант шенімен бітірген соң, Чкаловтағы бомбалаушы ұшқыштар мектебін аяқтайды. Ал қан майданға аттанар алдында Ижевск қаласынан «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шығады. Сол күннен бастап әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюшаға» басы бүтін бауыр басып, **1942** жылы майданға аттанады. Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған.
- 23 жасында Кенес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсеткен

## Халық қаһарманы



- Өнерге жақын, 16 жасынан өлең жаза бастаған Бауыржан жасы жеткенде әскер қатарына шақырылып генерал-майор Панфилов басқарған дивизияның құрамында соғысқа аттанады. Алғы шепте батальон, полк командирі болып талай жеңістерге жетеді.
  - Кеңес Одағының астанасы Москва қаласын қорғауда 1941 жылдың күзі мен қысында 5 рет қоршаудан әскерін шашыратпай, жолда босып жүрген басқа бөлімдердің сарбаздарын да жинап шығады. Сол кездері дивизия басшысы Панфиловқа Бауыржан Момышұлы қаза тапты деп 3 рет ресми хабар келеді. Бірақ, мұндай хабарлардың ізін ала Бауыржан Момышұлының өзі келген.
  - Қолбасшы Рокоссовский лейтенант шеніндегі жап-жас қазақ жігітінің қабілетіне риза болып, полк командирлігіне өзі тағайындаған. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдары 207 рет шайқасқа қатысып, 2 рет ауыр жараланады. Басшылық тарапынан бірнеше рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылады. Бірақ, неге екені белгісіз атақ берілмей қала береді.
- 1990 жылы Халық қаһарманы атағы берілді.





- **Батыс Қазақстан тұрғындарынан Ақтөбе қаласында құрылған 312 дивизия 1941 жылы күзде Тула мен Москва арасындағы ұрыстарда құрамын түгелге жуық жоғалтты. Соғыс кезіндегі штат бойынша бір дивизия 11 мың адамнан тұрса, соның 300-ден астамы ғана қалды.**
- **101 атқыштар бригадасы 1942 жылы Ақтөбе қаласында болды. 1943 жылдың бригада 2,5 мыңнан астам фашистің көзін құртады. Бригаданың 135 адамы Ерліктері үшін наградталды.**



Қарулы күштердің қатарында Кеңес әйелдері де жаумен шайқасты. Соғыстың соңғы бір сәтінде Кеңес Армиясында 330 мыңнан астам әйел жауынгерлер болды. Олар самолетпен аспанда самғады, танк жүргізді, барлауға барып, ұрыс даласында мергендік көрсетті.

Атқыш мергендер мектебін бітірген әйелдер 12 мыңнан астам жауды жермен жексен етті. Майдандағы дәрігерлердің 41 пайызы, фельдшерлердің 43 пайызы, медбикелердің 100 пайызы әйелдер болатын. Ұлы Отан соғысында 100 мыңнан астам әйелдер ордендермен, медальдармен марапатталған. 92 әйел Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде азамат жүгін арқалап мыңдаған қазақ қыз-келіншектері уақыт сынынан, тарих талқысынан сүрінбей өтті. Аяғына солдат етігін киіп, Мәскеуден Берлинге дейін шеру тартты. Рейхстагта желбіреген Қызыл туды қазақ әйелдерінің де даңқ жолы, ерлік дастаны бар.



**Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы, Кеңес Одағының Батыры. 1922 жылы Гурьев облысы Орда ауданында туылған. Азан шақырып қойған аты Мәнсия. Мектепті бітіргенне соң Мәншүк медицина институтына оқуға түсті.**

**1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», деп жазған. 1939 жылдан бері комсомолмын. 1941 жылдың 7-ші тамызы».**

**1943 жылдың 15-ші қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде өте қатал соғыс болды. Мәншүк өзінің әскери бөлімінің шабуылын пулемет отымен қолдады. Мәншүктің басына оқ тиді. Соңғы күштерін жинап, Мәншүк пулеметін ашық жерге алып шығып, жодастарына жолды тазалап, фашистердің тікелей бетіне атқан. Өлі Мәншүк пулеметтің саптарын қолына тастай қатты қысып алған. Сол қан майданда Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты.**

**Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.**



Ә. Н.Молдағұлова 1925 жылы маусымның 15 жұлдызында Ақтөбе облысы Қобдада дүниеге келген.

Ол Ленинград майданында 54-атқыштар бригадасының 4 батальонына қабылданған. 1944 жылы жау бекінісін алу кезінде ерлікпен қаза тапты. Отанға берілген намысшыл, жалынды қаһарман қызға Ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

# ТАҒЗЫМ

”



## Өмірбаяны

Шорабаев Баймұса 1905 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Соғыста "Сталинград шайқасында" болған ҰОС-ның мүгедегі. Соғыстан кейін ГРП-да жұмыс істеген. 1973 жылы Екібастұз қаласында қайтыс болды. "Жеңістің 20 жылдығы" медалімен. п.полк. Прусаков. "Жеңістің 25 жылдығы" медалімен. марш. СССР. Гречко А. марапаттаған.



## Өмірбаяны

Шорабаев Иса 1910 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1944 жылы 22-шілдеде соғыста қайтыс болған. Румыния Республикасы, Котнярий станциясында "Бауырластар" зиратында жерленген. "Боздақтар" кітабі II-том, қосымша бет.



## Өмірбаян

(1915-1994 ж.)

Айтпишев Қамал 1915 жылы 4 сәуірде Бірлік ауылында дүниеге келген.

Әскер қатарына Павлодар қаласынан шақырылған. Украина жерінде және Сталинград түбінде шайқаста қатысқан. Атамыз туған еліне Украина жерінен 1944 жылы оралды. Тұтқындықта болып, жарақатты болды. Жеңіс күнін майқайын кентінде қарсалған. Қамал атамызды “За битву под Сталинградом”, “Слава”, “За отвагу”, “20 лет Победы”, “30 лет Победы”, “40 лет Победы”, “60 лет Вооруженных сил СССР” осындай өрден медальдармен марапатталған.



## Өмірбаяны

Секебаев Бота Төрөбайұлы 1925 жылы 17-ақпанда Шарбақты ауданы, Жаман-Шоқша ауылында дүниеге келген. 1943-1947 жылдар аралында Ұлы Отан соғысында борышын атқарған. Өзінің ертеде айтқан деректері бойынша соғысты Болотон шайқасында бастап, 1944 жылы Шығысқа ауыстырылып, Жопонияға қарсы Манжурия соғысында қатысқан. 1947 жылы жарақат алуына байланысты елге оралды.

I орден (за храбрость, стойкость и мужество, проявленные в борьбе с немецко-фашистскими захватчиками, и в ознаменование 40-летия победы советского народа в Великой Отечественной войне. 5 медалі ("За победу над Японией". "За отвагу", "За боевые заслуги", "За трудовую доблесть" и "За трудовое отличие". "30 лет победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг".

"60 лет победы в Великой Отечественной войне 1941-1945гг".) бар. Еңбек жолы 1948 жылы Шарбақты ауданы, Жаңа ауыл совхоз советінде МТС бригадирінен бастаған.

1957 жылы Баянауыл ауданындағы Александровка совхозына көшіп келіп ГРП-де еңбек еткен.

1962 жылы жаңадан ашылған Қарасу совхозының Бесқауға бөлімшесіне малшы болып ауыстырылды. 1979


жылы соғыста алған жарақаты сыр бере бастаған ауруына байланысты өз еркімен жұмыстан босатылды.

1985 жылы 9-желтоқсан күні ақырғы күнін өткеріп, көз жұмды.




# Өмірбаяны

(1914-1984)



Зиятдинов Ахметқали (Әкіш) Зиятдинұлы 1914 жылы қараша айында Баянауыл ауданында дүниеге келген. Балалық шағында 1932 жылдың ашаршылығын көрген, әке-шешесінен ерте айырылған. Ағасымен жеңгесінің қолында тәрбиеленген, балалар үйінде болған. Еңбек жолын 1934 жылы Баянауылда промкомбинатта қатардағы жұмысшы болып бастап. Ұлы Отан соғысы басталсымен 1941 жылы маусым айында өз еркімен Отан қорғауға майданға аттанады. Майдан даласында неміс фашистерді, біздің әскерлер жеңгеннен кейін 1945 жылы мамыр айында. Милитаристік Жапониямен болған шайқас қатысып 1946 жылдың тамыз айында елге Қазақстанға Баянауылға оралады. Қатардағы жауынгер, неміс фашистеріне жауларға соққы беруде айрықша көзге түскен. Бірнеше медалдармен, орденнің игерді. Атап айтқанда: Ұлы Отан соғысы II-дәрежелі - ордені "Германияны жеңгені үшін", "Берлинді алғаны үшін", "Варшаваны азат еткені үшін", "Японияны жеңгені үшін" медалдарымен соғыс жылдары марапатталды. Соғыстан кейін 1946-1959 дейін Шөптікөл ауылда Майкөбен кең барлауэкспедитциясында ұста балғашы болып еңбек жасап 1974 жылы қараша айында құрметті демалысқа шықты. Еңбек жасаған уақытында, еңбектегі жоғарғы көрсеткіштерімен мол тәжірибесімен көрініп құрмет грамоталармен, бірнеше рет Еңбек озаты, Құрмет тақтасында"-болып, көптеген сыйлықтар алып сый құрметке бөленді. Жұбайы Сәлимән Дүйсекейқызы екеуі екі ұл, екі қыз бала тәрбиелеп өсіріп, оларға білім беріп, олар бүгінде бір-бір отау иелері. Немерелі шөберелі болды. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып. 1984 жылы 7 наурыз күні дүниеден озды.



## Өмірбаян

(1915-1999ж)

Сыздықов Шайы атамыз Баянауыл ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келген. Шөптікөл ауылынан Қызыл әскер қатарына шақырылған. Ленинград блокада шайқасына қатысқан. Жеңіс күнін Шөптікөл ауылында қарсалған. Атамызды осындай “За отвагу”, “20 лет Победы”, “30 лет Победы”, “40 лет Победы”, “60 лет Вооруженных сил СССР”, “Георгия Жукова” медальдармен марапатталған.


# есінде



Ержанов  
Садық



Бакалясов  
Иван



Молдатаев  
Қорабай



Омаров Қапар



Қосдаулетов  
Рахметолла



Баянов  
Қайролла



Бейсекеев  
Жолдас



Тоқсанов  
Әбу



Сыздықов  
Шайи



Зиятдинов  
Ақыш



Секебаев  
Бота



Айтпишев  
Қамал



Шорабаев  
Иса



Шорабаев  
Баймұса

# 1941 - 1945ж.ж



## Өмірбаяны

Қосдаулетов Рахметолла Абенұлы 1926 жылы 1 мамырда Павлодар облысы, (бұрынғы) Кагановичский ауданы, Кургульский с/совет колхоз "Сталин" дүниеге келген.

1933жылы мектепке қабылданып 1941 жылы 8-класты бітіреді

1944 жылы қараша айында майданға шақырылады.

10.02.1945 ж.Бірінші Беларус майданы 9.05.1945 ж.164 арт.полк.в\ч.95866

5\8 атқыштар полк миномент.

24.11.1947 ж.еліне,туған ауылына оралады.1951ж. 1952ж. Баянауыл ауданы "Майқайын"пас.отбасымен көшіп келеді.

МВД СССР милиция қызметкері болған. 1956 жылдан. Баянауыл ауданы."ЦЭС"пос.тұрған. Сол жылдан Майқайын скважинасына ауысып еңбегін жалғастырған  
1.Медаль:"За отвагу"1944г.

2.Медаль:"За победу над Германией"9.05.45г.

3.Медалль:30 лет Советской Армии и фронта"22.02.45.г.

4.Награжден орденам "Отечественной войны II степенй 11.03.1985г.

5.Медаль: "Сорок лет победы в В.О.В.1941-1945гг" 12.04.1985г.

6.Медаль:"70 лет Вооруженных сил СССР"28.01.1988г  
1991ж.19 қазанда 65жасында қайтыс болды

## Өмірбаяны



1921 жылы Баянауыл ауданында карасты Южный колхозында дүниеге келген. Баянауыл ауданынан әскер қатарына шақырылған. Ұшқыш-жоюшы болып Свердловск қаласына аттандырған. Жеңіс күнін Мәскеуде Қызыл алаңында қарсалған.

Атамызды осындай “За Победу над Германией”, “20 лет Победы”, “30 лет Победы”, “60 лет Вооруженных сил СССР”, “70 лет Вооруженных сил СССР”, медальдармен марапатталған. Атамыз Омаров Қапар 1992 жылы 30 мамырда 71 жасында қайтыс болды.



## Өмірбаяны

Тоқсанов Әбу 1906 жылы Баянауыл ауданы, Жанатілек ауылында дүниге келген. Өмір бойы ауыл шаруашылығында жұмыс істеді.

1940 жылы атам зейнетке шықты. Атамның еңбегін боғалап, ауыл әкімшілігі бірнеше рет марапаттап, мақтау қағазын табыстады.


Отан соғысына 1942 жылы аттанды. Ресейге жіберді. "Великие Луки" қаласын қорғады. Соғыста пулеметчик болды. 1944 жылы қараша айында ауыр жарақат алып елге оралды. Соғыстан кейін бірнеше медальдармен марапатталды. 1988 жылы 27 ақпан күні қайтыс болды.

## Өмірбаяны



1925 жылы 22 желтоқсанда Новосибирск облысында, Новотроицкая ауылында дүниеге келген. 1944 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылған. 3-ші Белоруссия жеріндегі 3 фронттағы ұрыстарға қатысқан және Смоленск түбіндегі шайқаста болған. Шығыс Пруссии түбіндегі шайқаста жау оғынан жараланған, ауыр жарақатпен Каунасе госпитіліне түседі. Жеңіс күнін Уфа қаласындағы госпитілінде қарсалды. Бакалясов Иван ерлігі үшін «За Победу над Германией», «20 лет Победы», «40 лет Победы», «60 лет Вооруженных сил СССР», «Георгия Жукова орденімен марапатталған. 1991 жылы ақпанның 3-ші жұлдызында дүниеден өтті.

## Өмірбаяны



1909 жылдың 19 сәуірінде Баянауыл ауылында дүниеге келген. Баянауыл аудандық әскери комитеті арқылы 1941 жылдың шілде айынан бастап, Қызыл әскер қатарына шақырылған. 1942 жылдың желтоқсан айынан, 1944 жылдың қатардағы полк құрамында атқыш автоматшы болған. 1944-1945 ж.ж 215- батальонда әскер қатарында болған. 1945 жылдың тамызынан бастап, Япония майданында болған. «За Победу над Германией», «20 лет Победы», «40 лет Победы», «60 лет Вооруженных сил СССР», «Медаль За Победу над Японией». СССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жарлығымен 1945 жылдың 5 қазанынан бастап елге оралған




# Өмірбаяны



1925 жылы 20 наурызда Баянауылда дүниеге келген. Әскер жолы: Әскери борышын атқарып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысы басталған. Бірақ шекарашылар өз орнында қалған. Соғыс біткенен кейін елге оралған. Соғыстан кейінгі бейбіт жылдардағы еңбек жолынан қысқаша жазба: Соғыс біткенен кейін Шөптікөл кеншісінде қасапшы, 1971-1976 жылдары Майқайың алтын комбинатында бұрғышы болып жұмыс істеген. Баянов Қайролла 1999 жылы 22 қазанда дүниеден өтті.

# 1945 сәуір-мамыр





# Ерлікке тағзым

**Бір сәтке секілденіп тыныстаған  
Жатырсың. Бұл жер жақын таныс саған,  
Бауырым, топырағың торқа болсын,  
Сендер ғой Жеңіс туын тік ұстаған.**

**Елімде жайнасын деп жылда көктем,  
Жетімдік көрмесін деп бала біткен.  
Сендер ғой омырауын оққа тосып,  
Болашақ үшін өзін құрбан еткен.**

**Қысқұрын жауды қуып желкеледің,  
Брақ та деген жоқсың “ерте өлемін”  
Еліңнің төріндесің енді бүгін,  
Жатсаң да баурайында бір төбенің.**

**Жауапты болып өзі барлығына  
Қорғаған нұр арайлы таңды мына.  
Кім айтар белгісіз деп бауырларды  
Баршаның ара тұрған тағдырына**

**Өмірдің көре алмадың бар қызығын,  
Анаң да жүр-ау аңсап жалғыз ұлын.  
Бас ием, рухыңа батыр солдат,  
Бағыштап махаббатын жер жүзінің.**

**Мұхтар Құрманалин**

Жеңіс күні құтты болсын!

9  
Мая

День ПОБЕДЫ

